

5.4 Есептегіш орнатылып қосылғаннан кейін қосылым қақпағы пломбаланады.  
5.5 Есептегішті орнату, ажырату, жөндеу, тексеру, таңбалау арнайы құзыреті бар ұйымдарда өткізіледі.  
5.6.1 Есептегіш құрамындағы электронды сағат пен күндерек күндізгі және түнгі тарифтер жұмысын қалағалайды.  
5.6.2 Есептегіш тарифтік кестесі құзыретті ұйым тарапынан арнайы пульг көмегімен орнатылады.

Әйтпесе дайындаушы-зауыт есептегіштің дұрыс істеуіне кепілдеме бермейді.  
5.6.3 Тарифтік кесте және тарифтер саны дайындаушы - зауыттан шыққан кезде ІІ Тарауға сәйкес орнатылған.

**5.7 Есептегіштің функционалды мүмкіндіктері**

Есептегіште RS-485-интерфейсі, инфракызыл порт (ІР) бар. Параметрлеу және оқу арнайы пульспен инфракызыл порт (ІРDA) немесе RS-485 арқылы жүзеге асырылады. Параметрлерді баптау:

- Орнату (Уақыт, Күн);
- SKI-дағы көрсеткімдер тізбегін және көрсету уақытын;
- Тарифтік кесте;

Параметрлерді оқу:

- Ағымдағы күн мен уақыт;
- Есептегіш тұрақтысы;
- Белсенді энергияның толық және тарифтер (Т1, Т2, Т3, Т4) бойынша ағымдағы мәні;
- Реактивті энергияның толық және тарифтер (Т1, Т2, Т3, Т4) бойынша ағымдағы мәні;
- Желі кернеуінің фаза бойынша ағымдағы мәні;
- Жүктеме тогының фаза бойынша ағымдағы мәні;
- Активті қуаттың әр фаза бойынша ағымдағы мәні;
- Реактивті қуаттың әр фаза бойынша ағымдағы мәні;
- Толық қуаттың әр фаза бойынша ағымдағы мәні;
- Тарифтік кесте;

Тұтынылған энергияны тіркеу және жадында сақтау:

- Тәуліктің басына белсенді және реактивті энергиялардың көрсеткіштері – 90 тәулік;
- Айдың басына белсенді және реактивті энергиялардың көрсеткіштері - 36 ай;
- Айдың басына белсенді және реактивті қуаттың көрсеткіші – 12 ай;
- Сағаттық қолданылған белсенді және реактивті энергиялардың кесінділері – 20 тәулік.
- Оқиғалар тіркеу күнделігі: клеммалық қақпақты ашу, қорек көзін өшіріп-қосу, уақытты түзеу, тарифтер кестесін өзгерту, магниттік ағылды тіркеу, қақпақты ашу – әр оқиғадан 10 оқиғаға. В Қосымшасының В.1 Кестеде есептістен оқылатын параметрлер мен көрсеткіштер берілген.

## 6 ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Жұмыс бабында есептегіштер әр 8 жыл сайын салыстырып тексеруден өтуі қажет.

## 7 ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

7.1 Есептегіш кернеу 220 V айнымалы токтың желісіне қосылады, сондықтан адам өміріне қауіпті. Есептегішті қосу жән ажырату кезінде электр желісінен токты өшіріп тастау керек.

Есептегіштің орнатуын, қызмет көрсетуін атқаратын маман электр қауіпсіздік бойынша ІІІ топтан төмен емес аттестациялануы тиіс.

7.2 Ақауланған немесе бұзылған есептегішке кернеуді және жүктемені беруге тыйым салынады.

7.3 Электр желісіндегі электр энергиясының сапасы ГОСТ 13109 талаптарына сайы болуы тиіс.

## 8 РЕСУРСТАР, ЖҰМЫС ҚАБІЛЕТІ МЕН САҚТАУЫ, КЕПІЛДЕМЕЛЕР

8.1 Есептегіштің орташа қызмет уақыты - 24 жыл.

8.2 Тасымалдау ыдысында сақталатын кезде есептегіштер бийіктікте 5 қатардан аспайтын және қыздарғыш аспаптардан 0,5 м ден жоақын емес жиналу керек.

8.3 Дайындаушы - ЖШС «Корпорация Сайман» есептегіштерге тұтынушы осы төлқұжатта көрсетілген тасымалдау, сақтау, жинақтау және пайдалану шарттарын сақтаған жағдайда, ГОСТ 31819.21-2012 «Айнымалы токтың электр энергиясын өлшеуге арналған аспаптар. Жеке талаптар. 21-бөлім. 1 және 2 делдік класты белсенді энергияның статикалық және талаптар. 21-бөлім. 1 және 2 делдік класты белсенді энергияның статикалық есептегіштері», ГОСТ 31819.23-2012 «Айнымалы токтың электр энергиясын өлшеу арналған аспаптар. Жеке талаптар. 23 бөлім. Реактивті энергияның статикалық есептегіштері» және СТ233-1910-06-ЖШС-12-2017 «Электр энергиясының электронды есептегіштері» талаптарына сәйкестігіне кепілдік береді.

## Кепілдік шарты

8.4 Кепілдік қызметіне ие есептегіштер дайындаушының жөндеу бөліміне тұтынушының өз ақысына жеткізіледі. Тұтынушы төлқұжатта көрсетілген мөлметтер бойынша есептегіштің толық жинақталымын және электржелі өкілінің келісімі бойынша алынып, дұрыс еместігі жөнінде акт алып келуі қажет.

8.5 Кепілдік мерзімі- сатылған күннен бастап 18 ай. Кепілдік мерзімін төлқұжатта көрсетілген уақыттан қосымша келісімі арқылы өзгертуге болмайды.

8.6 Сатып алынған есептегіш салыстырып тексеруден кейін бір жылдың ішінде іске қосылуы тиіс, салыстырып тексеру күні есептегіштің төлқұжатында жазылған (Электрқұрылыстарды құру ережесі 3 параграф 92 тарау). Іске қосылу қызметінің мерзімі аяқталған жағдайда, есептегіш дайындаушы зауытта немесе қайта пломбалауға құқығы бар аккредиттеу агенттаты бар мекемеде қайта пломбалауы қажет.

**ЕСКЕРТУ:** Есептеу мсханизмінде (СКИ) көрсеткіштердің бар болуы есептегіштің сынағы сапдарынан болады және есептегішті пайдалануға беру актісіне енгізіледі.

## 8.7 Кепілдік қызметі жүргізілмейді:

- Төлқұжатта көрсетілген қосылу сұлбасы бұзылған жағдайда;
- Кез келген жағдайда толық жинақталымының жеткізілмеуі салдарынан;
- Дайындаушының пломбасына (стикеріне) зақым келгенде;
- Корпусқа немесе клеммалық қақпаққа мсханикалық зақым болғанда;
- Есептегіштің жұмыс істеуін бұзуға куәлік болған жағдайда;
- Жүктеменің ең жоғарғы шектен асып кетіп есептегішті пайдаланған жағдайда;
- Қамасы төмен сымдарда пайдаланылған есептегіштерге;
- Клеммалық қолдаққа қосылатын сымдарды нашар жапсаған кезде;
- Профилактикалық жұмыс кезіндегі қызмет көрсетуші өкілдің қателігі болған жағдайда.

## 8.8 Тұтынушы келтірген материалдық шығынға дайындаушы жауапкершілік алмайды:

- Сапасыз немесе дұрыс емес монтаж үшін;
- Жүктеменің ең жоғарғы шектен асып кеткен жағдайда есептегішті пайдаланған кезде;
- Электржелідегі кернеудің ГОСТ 13109 талаптарына сәйкес келмейтін кезінде есептегішті пайдаланған жағдайда;
- Форс- мажор жағдайларының әсерлерінен болған есептегіштердің бұзылуына (найзағайдың ұруы, су тамғанда, өрт және кез келген тылсым күштер);
- Ақауы бар есептегіштерді пайдаланғанда.

## 9 ҚОРАПТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ ТУРАЛЫ ҚУӘЛІК

9.1 Есептегіш қатты қағаз қорабына ГОСТ 22261 және СТ233-1910-06-ЖШС-12-2017 талаптарына сәйкес қапталуы тиіс.

9.2 Есептегіштерді жабық көліктерде (темір жол вагондары, контейнерлер, жабық автокөліктерде) минус 40 °С-дан плюс 70 °С- ға тасымалдау қажет. Температураны шекті мәніне жеткен болса есептегіштерді сақтау және тасымалдау 6 сағаттан аспауы қажет.